

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША  
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**«Түркістан облысы мәдениет басқармасы мен бағыныстағы  
мекемелердің және өнірдегі мәдениет саласының дамыуына  
бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді  
пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу»**

**ТҮРКІСТАН 2022 жыл**

## **МАЗМУНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

## **I. Кіріспе**

**1.1.** Аудиторлық іс-шараның атауы: «Түркістан облысы мәдениет басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің және өнірдегі мәдениет саласының дамыуына бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігі;

2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

### **1.3.Мемлекеттік аудит объектілері:**

Жалпы мемлекеттік аудит объектілері саны 31 атап айтқанда:

1. Түркістан облысы «Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасы» КММ.

2. «Келес ауданы әкімдігінің «Әшірәлі Кенжеев атындағы Келес аудандық мәдениет үйі» МКҚҚ

3. Келес ауданы әкімдігінің «Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ.

4. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры» МКҚҚ

5. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Түркістан облысының мақта шаруашылығы тарихы музейі» МКҚҚ

6. Түркістан облысының «А.С.Пушкин атындағы Түркістан облыстық әмбебап ғылыми кітапхана» КММ

7. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ

8. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мәдениет үйі» МКҚҚ

9. Түркістан облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының "Арыс қаласының музейі" МКҚҚ

10. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Шемші Қалдаяқов атындағы облыстық филармония» МКҚҚ

11. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Конгресс Холл көпсалалы кешені" МКҚҚ

12. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚҚ

13. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры» МКҚҚ

14. Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Шардара аудандық мәдениет сарайы» МКҚҚ

15. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Оңтүстікфильм» КММ

16. «Түркістан облысы мәдениет басқармасы» ММ
17. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі орталық" МКҚҚ
18. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Қажымұқан атындағы облыстық спорт музейі" МКҚҚ
19. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Бәйдібек ауданы сәулет-көркем музейі» МКҚҚ
20. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Кентау қалалық музейі" МКҚҚ
21. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «С. Қожанов атындағы музейі» МКҚҚ.
22. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Төлеби ауданының музейі» МКҚҚ
23. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Ордабасы ауданындағы тарихи-өлкетану музейі" МКҚҚ
24. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Ұлы Дағы Елі Орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
25. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Руханият-Әбу Нәсір әл-Фараби музейі» МКҚҚ
26. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қазығұрт аудандық музейі» МКҚҚ
27. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Түркістан облысының Бейнелеу өнері музейі» МКҚҚ
28. Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» КММ
29. Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Түркістан қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
30. Түркістан қаласы әкімдігінің «Түркістан қалалық мәдениет үйі» МКҚҚ
31. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы» МКҚҚ

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2019 жылдың 01 қанчарынан 2022 жылдың 31 наурыз аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттегін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2022 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Түркістан облысы мәдениет басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің және өнірдегі мәдениет саласының дамыуына бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет

активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті 25.05.2022-25.07.2022 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 31 аудит объектісі қамтылды. Оның ішінде 1 мемлекеттік мекеме, 7 коммуналдық мемлекеттік мекеме, 23 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында жүргізілді.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес Облыстың мәдениет басқармасына оған бағынысты мекемелер мен кәсіпорындарға бөлінген бюджет қаражатының және мемлекеттік активтерінің пайдаланылуы тиімділігіне аудит жүргізілді.

Бұл ретте аудиторлық іс-шараның мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне тексеру жүргізу жоспарланды.

**Мемлекеттік аудит объектісінің бюджеттік бағдарламаларының орындалу тиімділігі.**

2019 жылы аудитпен қамтылған 4 бюджеттік бағдарлама бойынша 143381,0 мың теңге жоспарланып, жыл қорытындысымен толық игерілген. Бағдарламаларда жоспарланған тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізілген.

2020 жылы аудитпен қамтылған 3 бюджеттік бағдарлама бойынша 185429,0 мың теңге жоспарланып, жыл қорытындысымен толық игерілген. Бағдарламаларда жоспарланған тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізілген.

2021 жылы аудитпен қамтылған 3 бюджеттік бағдарлама бойынша 156527,0 мың теңге жоспарланып, жыл қорытындысымен толық игерілген. Бағдарламаларда жоспарланған тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізілген.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

Жалпы аудитпен 10 056 188,0 мың теңге (*республикалық бюджет қаражасты 1 504 800,0 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2019 жыл кезеңі бойынша 2 450 611,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 437 548,0 мың теңге*), 2020 жыл кезеңі бойынша 2 952 444,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 264 084,0 мың теңге*), 2021 кезеңі бойынша 4 599 320,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 4 597 704,0 мың теңге*), 2022 кезеңі бойынша 53 813,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 53 813,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 31 объектінің ішінде 11-де қаржылық бұзушылықтар сомасы, анықталған.

Анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы **83 201,0 мың теңгені** құрады. Оның ішінде:

- Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **888,1 мың теңге**;

- Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **82 312,9 мың теңге**;

- Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы (мың теңге) **0,0 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **83 201,0 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 82 312,9 мың теңге, өтелуге жататыны 888,1 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **82 524,3 мың теңге** өтеліп, қалпына келтірілген (оның ішінде 82 312,9 мың теңге қалпына келтірілген болса, 211,4 мың теңгесі өтелді).

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 49 бірлік бұзушылық фактілері 19 объектіде орын алған.

### **Аудит барысында келесі бұзушылықтар орын алған:**

**Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасының және өзге де заңнаманың бұзушылықтары 888,1 мың теңгені құраган.**

**1. «Келес ауданы әкімдігінің «Әшірәлі Кенжеев атындағы Келес аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында 29,2 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Мекеменің бас маманы кәсіпорын басшысының бүйрекінсіз іс-сапарға барып, іссапар шығындары өтелген. Атап айтқанда: 2021 жылды Е.Жунисов іс-сапарда болып, оған 29,2 мың теңге іс-сапар шығындары төленген.

Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 2 тармағының талаптары сақталмаған.

Аудиторлық тексеру барысында артық төленген іс-сапар шығындары 27.06.2022 жылғы №0037 түбіртегімен 29,2 мың теңге 206109 кодына жергілікті бюджетке толығымен өндірілді.

**2. Келес ауданы әкімдігінің «Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша 17,8 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Мекеменің бас маманы кәсіпорын басшысының бүйрекінсіз іс-сапарға барып, іссапар шығындары өтелген. Атап айтқанда:

- 2021 жылдың 07.-10 сәуірі аралығында Б.Кошкинов Шымкент қаласында іс-сапарда болып, оған 17,8 мың теңге іс-сапар шығындары төленген.

Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 2 -тармағының талаптары сақталмаған.

Аудиторлық тексеру барысында артық төленген іс-сапар шығындары 27.06.2022 жылғы №0036 түбіртегімен 17800 теңге 206109 кодына жергілікті бюджетке толығымен өндірілді.

**3. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «К.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 33,6 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Мекеме басшысының бұйрығына сәйкес іссапар кезінде болған тұрғын үй-жайды жалдау мен тәулікақы шығындары дұрыс есептелмей өтеді. Атап айтқанда:

- 22.09.2021 жылғы №86 к-а бұйрығына сәйкес қоюшы-режиссер Ербатша Берік Нұржаяуұлы 2021 жылдың 29 қыркүйегі мен 01 қазаны аралығында Алматы қаласына іс-сапарға жіберілген. Іссапардан оралғаннан кейін қызметкер іссапар бойынша шығыстар туралы растаушы құжаттарды берген. Іссапарда нақты 3 күн болған. Алайда, іс-сапар шығындарын есептеу барысында 33 629,0 теңге артық төленген.

Аудиторлық тексеру барысында артық төленген іс-сапар шығындары 24.06.2022 жылғы №0006 түбіртегімен 33 629 теңге 206109 кодына жергілікті бюджетке толығымен ондірілді.

Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3 тармағының 1-ші, 2-ші тармақшаларының және 6 тармағының талаптары сақталмаған.

**4. «Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ бойынша 46,5 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Мекеме қызметкерлеріне іс-сапар ақысын төлеу барысында 46,5 мың теңге артық төленгені анықталды.

Бұл ретте, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3 тармағының 1-ші, 2-ші тармақшаларының талаптары сақталмаған.

Аудиторлық тексеру барысында артық төленген іс-сапар шығындары 02.06.2022 жылғы №№0023-0027 түбіртектерімен 46457,5 теңге 206109 кодына жергілікті бюджетке толығымен өндірілді.

**5. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Шемши Қалдаяқов атындағы облыстық филармония" МҚҚК бойынша 60,1 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Мекеме қызметкерлеріне іс-сапар ақысын төлеу барысында 60,1 мың теңге артық төленгені анықталды.

ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының 3 тармағының 1-ші, 2-ші тармақшаларының талаптары сақталмаған.

Аудиторлық тексеру барысында артық төленген іс-сапар шығындары 60,1 мың тенге жергілікті бюджетке толығымен өндірілді.

**6. «Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, деңе шынықтыру және спорт бөлімінің "Шардара аудандық мәдениет сарайы" МКҚК бойынша 24,25 мың тенге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Кәсіпорында 2021 жылы авто көлік жүргізуінің Алимбаев Даурен Абдикаирович 2022 жылдың ақпан айының 22-23 күндері іссапарда болып 24 252 тенге қаржы кәсіпорын директорының бүйрығы шықпай негізсіз төленген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы» Ереженің 1,2 тармағының талаптары бұзылған.

Аудит жүргізу барысында негізсіз төленген 24 252 тенге іс сапар шығындары 06.06.2022 жылы №0587 төлем құжатымен бюджетке толық өндірілді.

**7. Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, деңе шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 676,6 мың тенге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Жетісай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 23.01.2020 жылғы №11 бүйрығымен Айтбай Кенжебай Эбдіхалықұлы Жетісай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Халық оркестрінің көркемдік жетекшісі (дирижер 0,5 штат бірлігімен) қызметіне қабылданған. Алайда К.Айтбай осы уақытта бір мезгілде 1,5 штат бірлігімен Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында да жұмыс істеген.

Аудит объектісінің ұсынған мәліметіне сәйкес, аудитпен қамтылған мерзім аралығында, яғни 2021 жылдың 01 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында мекеме тарапынан К.Айтбайға барлығы 676 661,0 тенге (жалақы, жыл сайынғы демалысқа арналған сауықтыру жәрдемақысы) төленген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексінің» 68-бап, 1-тармағының талаптары сақталмаған.

**Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезінде жалпы 82 312,9 мың теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, атап айтқанда:**

**1. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, деңе шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің «Мәдениет үйі» МКҚК бойынша 600,0 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Кәсіпорын мен "Арыс-Жарнама" жеке кәсіпкер Г.Абдирова арасында жасалған 2021 жылғы 10 желтоқсандағы №50 құрылышпен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартының негізінде мердігер тарапынан жалпы 600,0 мың теңгеге стендтер дайындалған.

Алайда, кәсіпорынның 2021 жылдың 1330, 1310 шоттар бойынша айналым-сальдолық ведомостеріне сәйкес сатып алынған стендтердің құнына тиісті бухгалтерлік проводка берілмей, бұл құралдар (қорлар) балансқа алынбаған. 2022 жылғы 1 маусымдағы №1 бухгалтерлік анықтамамен тиісті бухгалтерлік проводка беріліп, 600,0 мың теңгеге қорлар кәсіпорынның теңгеріміне алынған.

Сонымен қатар, 2020 жылдың 1330, 1310 шоттар бойынша айналым-сальдолық ведомостеріне сәйкес 01.01.2021 жылға қорлар 39450,0 мың теңгені құраған. Алайда, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланста 020 "Қорлар" жолы бойынша есепті кезеңің басындағы қорлар сомасы дұрыс көрсетілмеген.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 5 бабы 2 тармағының, 6 бабы 1, 3 тармақтарының, 13 бабы 1 тармағының, 14 бабы 1 тармағының, 15 бабы 1 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының» 11 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 Бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 17-21 тармақтарының талаптары сақталмаған.

2022 жылғы 1 маусымдағы №1 бухгалтерлік анықтамамен тиісті бухгалтерлік проводка беріліп, 600,0 мың теңгеге қорлар кәсіпорынның теңгеріміне алынған.

**2. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Конгресс Холл көпсалалы кешені" МКҚК бойынша 10 794,3 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Аудит барысында бухгалтерлік есепті есепті жүргізу барысында бухгалтерлік есеп шоттарының 10 794,3 мың теңгеге дұрыс жүргізілмегені анықталды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 5 бабы 2 тармағының, 6 бабы 1, 3 тармақтарының, 13 бабы 1 тармағының, 14 бабы 1 тармағының, 15 бабы 1 тармағының, Қазақстан Республикасы Қаржы

министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бүйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының» 11, 21 тармақтарының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №241 Бүйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 17-21 тармақтарының талаптары сақталмаған.

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 10794,3 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылық қалпына келтірілген.

**3. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Р.Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры" МКҚК бойынша 8023,46 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталды.**

Кәсіпорында 2020 жылы тенгерімде тұрған Түркістан облысы мәдениет басқармасының Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры» МКҚК ғимаратына құрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша өнім беруші «Конструктор-80» ЖШС-гі 5946,0 мың тенгеге жобалау-сметалық құжатын жасаған. Бұл жобалау-сметалық құжатын ҚР Индустрія және инфрақұрлымдық даму министрлігінің құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер Комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомосттадан тыс сараптау» ШЖҚ РМК-ны 2077,46 мың тенгеге сараптамадан өткізген. Жалпы осы екі азаматтық құқықтық мәміле бойынша 8023,46 мың тенгеге кәсіпорынның есеп қисабында 2931 «Аяқталмаған құрлыс» қосалқы шотының дебетінде және 3310 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредиті бойынша корреспонденция берілмей, кәсіпорынның қаржылық есептілігіне енгізілген көрсеткіштердің анықтылығы және толықтылығына сонымен қатар, есепті кезеңінің қаржылық нәтижесіне әсер етіліп бұрманланған есептілік жасағаны анықталды

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандадағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6 бабы 3 тармағы 1)тармақшасының талаптары бұзылған.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында кәсіпорынның есеп қисабына жалпы 8023,46 мың тенгеге бухгалтерлік қайта дұрыс корреспонденция беріліп, бұзушылықтар қалпына келтірілді.

**4. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Қажымұхан атындағы облыстық спорт музейі" МКҚК бойынша 62 895,17 мың теңге қаржылық бұзушылық анықталды.**

2020 жылы Кәсіпорынның баланстық құны 16 359,27 мың тенгені құрайтын Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан ауылы, Б.Абасов көшесі, ғимарат 6А орналасқан Қажымұқан атындағы облыстық спорт мұражайының ғимаратына мердігер «Авторемстрой ЛТД» ЖШС-мен жалпы соммасы 62 895,17 мың тенгеге құрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Аяқталған құрделі жөндеу жұмыстары бойынша ғимараттың баланстық құны 62 895,17 мың тенгеге ұлғайтылмаған. Яғни, 2410 «Негізгі қорлар» қосалқы шотының дебетінде және 3310 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» шотының кредиті бойынша 62 895,17 мың тенгеге корреспонденция берілмей, кәсіпорынның қаржылық

есептілігіне енгізілген көрсеткіштердің анықтылығы және толықтылығына сонымен қатар, есепті кезеңінің қаржылық нәтижесіне әсер етіліп бұрмаланған есептілік жасағаны анықталды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңының 6 бабы 3 тармағы 1)тармақшасының талаптары бұзылған.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында кәсіпорынның есеп қисабына жалпы 62 895,17 мың теңгеге бухгалтерлік қайта дұрыс корреспонденция беріліп, бұзушылықтар қалпына келтірілді.

**Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активтердің) сомасы орын алмаған.**

*Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 49 бірлік бұзушылық фактілері 19 обьектіде орын алған.*

**1. Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бойынша 14 бірлік 9 мекемеде анықталған:**

Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;

2. «Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ-де 1 бірлік;

3. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Арыс қаласының музейі" МКҚК бойынша 3 бірлік;

4. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі орталық» МКҚК-де 1 бірлік;

5. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Қажымұхан атындағы облыстық спорт музейі" МКҚК-де 1 бірлік;

6. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Кентау қалалық музейі" МКҚК-де 1 бірлік;

7. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Ордабасы ауданындағы тарихи-өлкетану музейі" МКҚК-де 1 бірлік;

8. «Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Түркістан қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" КММ-де 2 бірлік;

9. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Облыстық мәдениет және халық шығармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 3 бірлік;

**2. Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 35 бірлік 17 мекемеде анықталған:**

Атап айтқанда:

1 Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша 1 бірлік;

2 «Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ-де 1 бірлік;

3. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің «Мәдениет үйі» МКҚҚ 1 бірлік;

4. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Ш.Қалдаяқов атындағы облыстық филармония" МКҚҚ бойынша 2 бірлік;

5. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Конгресс Холл көпсалалы кешені" МКҚҚ бойынша 2 бірлік;

6. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Түркістан облысының тарихи-өлкетану музейі" МКҚҚ-де 4 бірлік;

7. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Р.Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры" МКҚҚ-де 2 бірлік;

8. «Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Шардара аудандық мәдениет сарайы" МКҚҚ-де 3 бірлік;

9. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Оңтүстікфильм» КММ-де 2 бірлік;

10. Түркістан облысының мәдениет басқармасы ММ-де 4 бірлік;

11. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі орталық» МКҚҚ-де 2 бірлік;

12. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Қажымұхан атындағы облыстық спорт музейі" МКҚҚ-де 1 бірлік;

13. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Кентау қалалық музейі" МКҚҚ-де 1 бірлік;

14. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Ордабасы ауданындағы тарихи-өлкетану музейі" МКҚҚ-де 2 бірлік;

15. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қазығұрт аудандық музейі» МКҚҚ-де 3 бірлік;

16. Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1 бірлік;

17. «Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Түркістан қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" КММ-де 3 бірлік;

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өнірлік және (немесе) елдік бөліністе)**

Облыста 2019 жылы 679 мәдениет және өнер мекемесі халыққа мәдени қызмет көрсеткен. Есепті мерзімде - 29 200 іс-шара өткізілген.

Облыстағы 24 музейде 9143 экскурсия, 1071 көрме, 832 көпшілік іс-шара үйымдастырылып, 1 915 518 келуші қамтылған. 6499 дана жаңа экспонат жинақталып, жалпы қор 170 495 данаға жеткен. Облыстағы 389 кітапханада 17 125 көпшілік іс-шара үйымдастырылып, оқырмандар саны

473 861 адамды құрап, 110 641 дана жаңа кітаптармен толықтырылып, кітап қоры 5 млн. 768 мың данадан асқан. 2019 жылдың қортындысы бойынша облыстағы 3 қалалық, 13 аудандық әкімдіктердің мемлекеттік тілдегі құжат айналымы 99,8 пайыз, 23 басқармалардың ісқағаздарының 98,2 пайызы мемлекеттік тілде әзірленген.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге және үштілді насихаттауға бағытталған 15 облыстық іс-шара және республикалық дәріс-семинар үйимдастырылған. Сонымен қатар, 517 кітапшалар мен брошюралар таратылып, әлеуметтік желілер мен республикалық және өндірлік БАҚ-та 158 материал жарық көрген.

Ономастика саласы бойынша 2019 жылдың 12 айында 6 іс - шара және 2 облыстық ономастика комиссиясының отырысы өтіп, жалпы 600 ұсыныс қаралған, 3 ұсыныс кері қайтарылған. 1 отырыста: 12 мектеп, 1 мәдениет үйі, 1 көше, 2 отырыста: 3 елді мекен, 1 мектеп, 1 шағынаудан, 581 көше, «Мекен-жай тіркелімі» ақпараттық жүйесіне 350 (Қазығұрт ауданы-1 елді мекен, Түркістан қаласы-326 көше, Төлеби ауданы-23 көше) әкімшілік-аумақтық құрылымдардың атаулары енгізілген.

2020 жылы Түркістан облысында 679 мәдениет және өнер мекемесі халыққа мәдени қызмет көрсеткен (оның ішінде: 390 кітапхана, 251 клуб, 24 музей, 2 кәсіби театр, 6 саябақ, 2 орталық, 1 облыстық филармония, 1 көркемсүрет галереясы, 1 «Оңтүстікфильм» мекемесі, 1 «Конгресс холл» көңсалалы кешені). 2020 жылы 1 ауылдық кітапхана ашылған (Келес ауданы, Бірлесу ауылдық кітапханасы).

«Ауыл ел-бесігі» бағдарламасы аясында 2 мәдениет үйі қурделі жөндеуден өткізілген. (Сайрам – 1, Шардара - 1)

Халықтың барлық жіктерінің отандық және әлемдік мәдениет туындыларына қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында есепті мерзімде 4 халықаралық, 3 республикалық, 17 облыстық деңгейдегі, жалпы клуб мекемелерінде 8 995, кітапханаларда 3858, музейлерде 213, тілдерді дамыту мен ономастика саласы бойынша 15 көпшілік іс-шара, барлығы - 29 218 іс-шара өткізілген.

131 қойылым халыққа ұсынылып, 23 716 көрермен қамтылып, 2 гастрольдік іссапар үйимдастырылған. 24 музейде 2370 экскурсия, 375 көрме, 213 көпшілік іс-шара үйимдастырылып, 421 321 келушілер қамтылған. 4968 дана жаңа экспонат жинақталып, жалпы қор 175 128 данаға жеткен. 390 кітапханада 3858 көпшілік іс-шара үйимдастырылып, оқырмандар саны 230 382 адамды құрап, 121 526 дана жаңа кітаптармен толықтырылып, кітап қоры 5 млн. 858 мың данадан асқан. Облыстағы 251 клуб мекемелерінде 11 220 іс-шара үйимдастырылып, 2 012 167 мың адам қамтылған. Облыста 2020 жылы 11527 адам қатысатын 884 клубтық құрылым жұмыс жасаған. 2020 жылы 3 облыстық ономастика комиссиясының отырысы өткен. Жалпы 18 ұсыныс қаралып, 2 ұсыныс кері қайтарылған.

2021 жылы 685 мәдениет және өнер мекемесі халыққа қызмет көрсетіп келген. Оның ішінде: 395 кітапхана, 250 клуб мекемелері, 25 музей, 3 кәсіби

театр, 2 орталық, 1 облыстық филармония, 1 «Конгресс Холл» көпсалалы кешені, 1 көркемсүрет галереясы, 1 «Оңтүстікфильм» мекемесі, 6 саябақ бар.

Есепті мерзімде 4 халықаралық, 5 республикалық, 19 облыстық деңгейдегі, жалпы клуб мекемелерінде 11338, кітапханаларда 15739, музейлерде 614 көпшілік іс-шара өткізілген. Караптандырылған 3 театрда ағымдағы жылы 327 қойылым ұсынылып, 42415 көрермен қамтылған. 1 гастрольдік іссапар ұйымдастырылып, 97 онлайн іс-шара өткізіліп, 41001 қаралым жиналған.

Есепті мерзімде облыстағы 25 музейде 6618 экскурсия, 502 көрме, 614 көпшілік іс-шара ұйымдастырылған. Бұгінде 4758 дана жаңа экспонат жинақталып, жалпы қор 178927 данаға жеткен.

Облыстағы 395 кітапханада (2-үй облыстық кітапхана) 15739 оффлайн, онлайн көпшілік іс-шара ұйымдастырылып, оқырмандар саны 426213 адамды құрап, 185399 дана жаңа кітаптармен толықтырылған.

2021 жылы облыстық ономастика комиссиясының 3 отырысы еткен. Жалпы онда 107 ұсыныс қаралған.

Түркістан облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2019-2021 жылдардың қорытындысымен ведомоствалық бағынысындағы 20 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының даму жоспарларының іске асырылуын бағалауды жасамаған. Сонымен қатар, мекемеде әрбір бюджеттік бағдарламаға бюджеттік бағдарламаның жоспарлануы мен орындалуын қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарлама басшысы тиісті бүйрекпен айқындалмаған және бекітілмеген.

Жалпы осы мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең аралығында мекеменің жоспарланған каржылардың игерілгенін және өнірдің мәдениет саласындағы жеткен жетістіктерін, өнірдегі мәдениет саласының дамуына тигізген әсерін, атқарған жұмыстарына баға бере отырып, жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар сарапай келе мекеме қызметі тиімді деп бағаланады.

### III. Қорытынды бөлік

#### **3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:**

«Түркістан облысы мәдениет басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің және өнірдегі мәдениет саласының дамуына бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті іс-шарасы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаларын бұзу фактілері бойынша әкімшілік шара көру үшін барлығы 7 материал жолданған. Атап айтқанда:

1. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне "Конгресс Холл көпсалалы кешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік

құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, кәсіпорынның бас есепші қызметін Дербисов Галымжан Ақмолдаевичке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 18.07.2022-ғы № 11/1621 санды хаты жолданып, Департамент тарапынан әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы хабарланған.

2. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, кәсіпорынның бас есепші Омарова Жамила Сеилхановнаға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 18.07.2022-ғы № 11/1622 санды хаты жолданып, Департамент тарапынан әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы хабарланған.

3. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қажымұхан атындағы облыстық спорт музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, бухгалтерлік есеп-қисап жұмыстарын жүргізу және есеп-қисап құжаттарына екінші қол қою құқығымен бас есепші қызметін Е.К Сейтовке әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 08.08.2022-ғы № 10/1790 санды хаты жолданған.

4. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына, есепші қызметін атқарған Сулайменова Айнұр Мұратовнаға әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар 18.07.2022-ғы № 10/1619 санды хаты жолданып, Департамент тарапынан әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы хабарланған.

5. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-V ҚРЗ Кодексінің 284 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа

жол берген жауапты тұлғасына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар жолданып, Департамент тарапынан әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы хабарланған.

6. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының "Арыс қаласының музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық қесіпорнында қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-В ҚРЗ Кодексінің 284 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар жолданып, Департамент тарапынан әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы хабарланған.

7. Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық қесіпорнында қаржылық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» №235-В ҚРЗ Кодексінің 238 бабына сәйкес қаржылық бұзушылыққа жол берген жауапты тұлғасына әкімшілік хаттама толтыру және әкімшілік шара көру үшін жинақталған құжаттар жолданып, Департамент тарапынан әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы хабарланған.

Аудиторлық іс-шара барысында 17 аудит объектісі бойынша барлығы 19 жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара қолданылды.

Сондай-ақ барлығы аудит барысында 82 524,3 мың теңге өтеліп, қалпына келтірілсе (оның ішінде 82 312,9 мың теңге қалпына келтірілген болса, 211,4 мың теңгесі өтеді)

Атап айтқанда:

1. «Келес ауданы әкімдігінің «Әшірәлі Кенжеев атындағы Келес аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық қесіпорныны .

Мемлекеттік аудит барысында барлығы артық төленген 29170,0 теңге 206109 кодына №0037 түбіртегімен өндірілді.

Аудит барысында анықталған кемшіліктерге жол бергені үшін қесіпорынның бас бухгалтер Е.Елеуишовке 27.06.2022 жылғы №180 бұйрығымен «ескертү» түріндегі шара көрілді.

2. Келес ауданы әкімдігінің «Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік аудит барысында барлығы артық төленген 17,8 мың теңге 206109 кодына №0036 түбіртегімен өндірілді. Аудит барысында анықталған кемшіліктерге жол бергені үшін қесіпорынның бас бухгалтер Н.Сапарбековке 27.06.2022 жылғы №39 бұйрығымен «ескертү» түріндегі шара көрілді.

**3.Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.**

Мемлекеттік аудит барысында барлығы артық төленген 33629,0 теңге 206108 кодына №0006 түбіртегімен өндірілді. 01.01.2022 жылға пайдаланылмаған демалыстар бойынша 113,7 мың теңге мөлшерінде танылмаған резерв сомасы кері проводка беріліп қалпына келтірілді. Аудит барысында анықталған кемшіліктерге жол бергені үшін кәсіпорынның бас бухгалтер А.Абраимоваға, бухгалтер Н.Бекзатовқа, кадр жөніндегі маман А.Мырзаевқа 24.06.2022 жылғы №76 к-а бұйрығымен «сөгіс» түріндегі шара көрілді.

**4. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

Аудит жүргізу барысында іссапарға артық өтелген 46,5 мың теңге бюджетке толық өндірілді.

Арыс қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының 2022 жылғы 27 маусымдағы №30 бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін мекеменің директорына А.Молдашеваға "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

**5. Арыс қаласының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.**

2022 жылғы 1 маусымдағы №1 бухгалтерлік анықтамамен тиісті бухгалтерлік проводка беріліп, 600,0 мың теңгеге қорлар кәсіпорынның теңгеріміне алынған.

Кәсіпорын директорының 2022 жылғы 27 маусымдағы №82 бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін кәсіпорнының бас есепшісі Ж.Омароваға "сөгіс" түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

**6. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Шемші Қалдаяқов атындағы облыстық филармония» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.**

Аудиторлық тексеру барысында артық төленген іс-сапар шығындары 23.06.2022 жылғы №№0016-0018 түбіртектерімен 60,1 мың теңге 206109 кодына жергілікті бюджетке толығымен өндірілді.

Кәсіпорын директорының 2022 жылғы 24 маусымдағы №200-ж/қ бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін кәсіпорнының бас есепшісі С.Калдықозоваға "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

**7. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Конгресс Холл көпсалалы кешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.**

2022 жылғы 13 маусымдағы №1 бухгалтерлік анықтамамен тиісті бухгалтерлік проводкалар беріліп, 7951,8 мың теңгеге қорлар және 2842,5 мың теңгеге негізгі құралдар кәсіпорынның тенгеріміне алдынған.

Кәсіпорын директорының 2022 жылғы 27 маусымдағы №55ж-қ бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін кәсіпорнының бас есепшісі Г.Дербисовке "сөгіс" түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

**8. Түркістан облысы мәдениет басқармасының Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.**

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында кәсіпорынның есеп қисабына жалпы 8023,46 мың теңгеге бухгалтерлік қайта дұрыс корреспонденция беріліп, бұзушылықтар қалпына келтірілді.

Аудиторлық есептегі қаржы бұзушылықтарына жол бергені үшін кәсіпорын басшысының 14.06.2022 жылғы №53-к бұйрығымен есепші Сулейменова Айнұр Муратовнаға «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

**9. Шардара ауданы әкімдігінің Шардара аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, деңе шынықтыру және спорт бөлімінің «Шардара аудандық мәдениет сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.**

Аудит жүргізу барысында негізсіз төленген 24 252 теңге іс сапар шығындары 06.06.2022 жылы №0587 төлем құжатымен бюджетке толық өндірілді. Кәсіпорын директорының 06.06.2022 жылы №21 бұйрығымен аудит есебінде көрсетілген қаржы бұзушылықтарына жол бергені үшін есепші А.Алимкуловаға «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

**10. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Қажымұқан атындағы облыстық спорт музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.**

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында кәсіпорынның есеп қисабына жалпы 62 895,17 мың теңгеге бухгалтерлік қайта дұрыс корреспонденция беріліп, бұзушылықтар қалпына келтірілді.

**11. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі орталық" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.**

Аудит барысында кемшіліктерге жол бергені үшін, кәсіпорын директорының 2022 жылғы 25 шілдедегі №17 бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктерге жол бергені үшін кәсіпорнының есепшісі К.Шерназароваға "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

**12. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Қазығұрт аудандық музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.**

Аудит барысында кемшіліктерге жол бергені үшін, кәсіпорын директорының 2022 жылғы 25 шілдедегі №5 бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктер мен заң бұзушылықтарға жол бергені үшін кәсіпорнының есепшісі Н.Устеновке "ескерту" түрінде тәртіптік жаза

қолданылған.

**13. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Оңтүстікфильм» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

Аудит барысында кемшіліктерге жол бергені үшін, мекеме басшысының 2022 жылғы 25 шілдедегі №99-ж/қ бұйрығымен аудит барысында анықталған кемшіліктерге жол бергені үшін мекеменің есепшісі А.Ахметоваға "ескерту" түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

**14. Түркістан облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының "Арыс қаласының музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық қәсіпорны.**

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтар бойынша Қазақстан Республикасының заңдарымен нормативтік құқықтық актілеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қәсіпорын директорының 06.06.2022 жылғы №5 бұйрығымен аудит есебінде көрсетілген қаржы бұзушылықтарына жол бергені үшін есепші Болат Айдана Болатқызына «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

**15. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Кентау қалалық музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық қәсіпорны.**

Мемлекеттік аудит барысында кәсіпорын директорының 22.07.2022 жылғы № 15 бұйрығымен аудит есебінде көрсетілген қаржы бұзушылықтарына жол бергені үшін есепші Ербаева Гульчихра Мирзалиевнаға «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

**16. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Ордабасы ауданындағы тарихи-өлкетану музейі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық қәсіпорны.**

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтар бойынша Кәсіпорын директорының 20.07.2022 жылғы №5 бұйрығымен аудит есебінде көрсетілген қаржы бұзушылықтарына жол бергені үшін есепші Ибраев Шалхар Курбановичке «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

**17. Түркістан қаласы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, деңеш шынықтыру және спорт бөлімінің «Түркістан қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

Мемлекеттік аудит барысында анықталған бұзушылықтар бойынша мекеме басшысының 25.07.2022 жылғы №32 бұйрығымен аудит есебінде көрсетілген қаржы бұзушылықтарына жол бергені үшін есепші Нахипова Айсұлу Нургалиевнаға «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

**18. Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі» мемлекеттік қоммуналдық қазыналық қәсіпорны.**

Аудиторлық есептегі қаржы бұзушылықтарына жол бергені үшін қәсіпорын басшысының 07.06.2022 жылғы №35н-қ бұйрығымен бас есепші Бейсенбаева Кульзира Ербосыновнаға «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза

қолданылды.

### **3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясымен аудитте қойылған мақсат пен белгіленген ауқым шегіндегі аудит мәселелері бойынша облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына және оған бағынысты мекемелер мен кәсіпорындарға бөлінген бюджет қаражатының, мемлекеттік активтерінің пайдаланылуы тиімділігіне аудит жүргізілді. Бұл ретте аудиторлық іс-шараның мақсатына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқару тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне тексеру жүргізу жоспарланды.

Жүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында барлығы 83 201,0 мың теңгеге қаржылық бұзушылық және 49 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылық анықталды.

Мемлекеттік аудит нәтижелері көрсеткендегі бұзушылықтардың негізгі себептері келесі: Мекемелер бойынша іс-сапар шығындарын артық жаратылуынан, активтерді бухгалтерлік есеп бойынша кіріске алынбауы, бухгалтерлік есептілікті жүргізу және қаржылық есепті жасау тәртібінің сақталмауы, еңбек ақы есептеу және төлеу барысында заң нормаларының сақталмағаны анықталды.

Жалпы аудитпен 10 056 188,0 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 1 504 800,0 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2019 жыл кезеңі бойынша 2 450 611,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 437 548,0 мың теңге*), 2020 жыл кезеңі бойынша 2 952 444,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 264 084,0 мың теңге*), 2021 кезеңі бойынша 4 599 320,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 4 597 704,0 мың теңге*), 2022 кезеңі бойынша 53 813,0 мың теңге (*оның ішінде республикалық бюджеттен 53 813,0 мың теңге*) қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 31 объектінің ішінде 11-де қаржылық бұзушылықтар сомасы, анықталған.

Анықталған бұзушылықтар сомасы барлығы **83 201,0 мың** теңгені құрады. Оның ішінде:

- Бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары **888,1 мың теңге**;

- Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау кезіндегі заңнама бұзушылықтары **82 312,9 мың теңге**;

- Тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының (активдердің) сомасы (мың теңге) **0,0 мың теңге**.

Жалпы өтелуге және қалпына келтірілуге жататын қаржы көлемі **83 201,0 мың теңге**, оның ішінде қалпына келтіруге жататыны 82 312,9 мың теңге, өтелуге жататыны 888,1 мың теңге.

Жалпы аудиторлық іс-шара барысында барлығы **82 524,3 мың тенге** өтөліп, қалпына келтірілген (*оның ішінде 82 312,9 мың тенге қалпына келтірілген болса, 211,4 мың тенгесі өтеді*).

Аудитпен қамтылған объектілердің ішінде 11-да қаржылық бұзушылықтар (өтелуі тиіс) сомасы анықталған.

Атап айтсақ, іссапар шығындарын төлеу бойынша- 211,4 мың тенге, Еңбек ақы төлеу барысында-676,6 мың тенге қаржылық бұзушылықтар анықталды.

**Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша жалпы 49 бірлік бұзушылық фактілері 19 объектіде орын алған.**

Оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілік бұзушылық фактілері бойынша 9 мекемеде 14 бірлік, бюджет қаражатын және активтерді пайдалану кезіндегі бюджет заңнамасы және өзге де заңнама бұзушылықтары бойынша 17 мекемеде 35 бірлік анықталған.

Бұзушылықтар мен кемшиліктердің негізгі себептерінің бірі бюджеттік бағдарламаларын бекіту, өзгерістер енгізу барысында орын алған және Еңбек кодексінің талаптары және бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының сақталмауынан орын алған.

Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз етуге аса көніл бөлініп, бюджет қаржысының толық игерілуін қамтамасыз етуді жақсарту мақсатында жергілікті атқарушы орган тарарапынан және бюджеттік бағдарламалар әкімшілери тарарапынан өз мерзімінде жүйелі іс-шараларды жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары қатаң сақталуы тиіс.

Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшиліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі жөнінде тұжырым жасауға болады.

### **3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар және нұсқамалар:**

1. «Түркістан облысы мәдениет басқармасы мен бағыныстағы мекемелердің және өңірдегі мәдениет саласының дамыуына бөлінген бюджет қаражаты мен мемлекет активтерінің тиімді пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша аудиторлық қорытындыны бекітуге ұсынамын.

2. Жалпы аудиторлық іс-шара бойынша жоғарыда аталған кемшиліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, мемлекеттік аудит объектілері бойынша бюджет қаржыларын пайдалану тиімділігі жеткіліксіз деңгейде екендігі танылсын.

3. Аудиторлық қорытынды бойынша Түркістан облысының мәдениет басқармасына ақпарат жолдансын.

4. Аудиторлық қорытынды бойынша Түркістан облысы мәслихатына ақпарат жолдансын.

5. Сондай-ақ, Аудиторлық іс-шара барысында барлығы 83 201,0 мың теңге өтеліп қалпына келтірілгені, аудиторлық іс-шара жүргізу барысында 19 жауапты лауазымды тұлғаға тәртіптік шара қолданылғаны, әкімшілік шара көру үшін Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 8 материал жолданғаны назарға алынын.

**Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою үшін аудит объектілеріне нұсқамалар жолдансын. Атап айтқанда:**

**1. Түркістан облысы мәдениет басқармасының "Қажымұқан атындағы облыстық спорт музейі" МКҚК басшысына:**

1) 2022 жылғы 20 қыркүйекке дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**2. Жетісай ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімінің «Жетісай аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысына:**

1) 2022 жылғы 20 қыркүйекке дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

2) 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін өтелуі тиіс **676,6** мың теңге өтелсін.

**3.Түркістан облысы мәдениет басқармасының «Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығы» МКҚК басшысына:**

1) 2022 жылғы 20 қыркүйекке дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**4. «Түркістан облысы мәдениет басқармасы» ММ басшысына:**

1) 2022 жылғы 20 қыркүйекке дейін мекемеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, бюджеттік және өзге де заңнамаларының талаптарының сақталмауына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

#### **3.4 Қосымша:**

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.